



№12 (71) 2019 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

ТАҒЫЛЫМ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ



ХОЖАМУРАТОВА АЛИЯ ИСИНБАЕВНА,
№29 «АЙ - КЕРІМ» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫНЫҢ МЕНҒЕРУШІСІ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

ТАҒЫЛЫМ

2011 жылдың наурызынан бастап шығады

IX бөлім

№12 (71)

**Желтоқсан
2019 жыл**

Басылым Қазақстан Республикасы
Байланыс және ақпарат министрлігінде есеп-
ке қойылып, 2011 жылдың 26 қаңтарында
№11349-ж тіркеу куәлігі берілген



ГАУХАР ЖУНУСБАЕВА,
№29 «Ай-Керім» бөбекжай-бақшасы МКҚК-нің тәрбиешісі
Шымкент қаласы

ҒАЖАЙЫП КЕМПІРҚОСАҚТЫҢ СЫРЛАРЫ

Мақсаты: Балаларға белгілі бояулардың өз реттік заңын қолдана отырып, басқада заттардың көмегімен кемпірқосақ жасауға және бояулар ғажайыбын қызықтау, жасалыну жұмыс жолдарын түсіндіріп жағдай жасау.

Міндеті: Көркемдік талғаммен ой-қиялын дамыту. Саусақ бұлшықеттерін икемділікке, бойлар ұқыптылыққа үйрету. Шығармашылық ойларын ұштау.


Көрнекіліктер: Бояулар, стакан, құрғақ қол сүрткі (бір реттік), тәрелке, су, мақта оралған таяқша, ге (ыдыс жууға арналған), су сорғыштан қиылып алынған ақ бүркіт құсы, кемпірқосақ көрсетуге арналған құрылғы.

Алдын ала жұмыстар: Д/О «Дыбысынан таны»

Билингвалдық компоненттер: Кемпірқосақ-радуга, көктем- весна.

Қызмет этаптары	Тәрбиеші қызметі	Балалар қызметі
Қызмет түрі	Жылулық шеңбері. Күннің көзі ашылып, Көкте шуақ шашылып, Құтты қонақ келіпті, Төрімізге еніпті. Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой, Ал, қанекей бәріміз, Сәлем дейік үлкенге! Сәлеметсіздерме қонақтар! Аманбысың алтын күн! Аманбысың жарқын күн! Маған жылу, жарық бер, Қуаныш пен шаттық бер!	Балалар шаттана, бірлесе тілек шеңберін айтады.
Ұйымдастыру- ізденушілік	– Балалар, қазір жылдың қандай мезгілі? -Дұрыс айтасындар, қазір жылдың көктем мезгілі. -Ия, көктемде табиғатта оянады, жасыл түске боянады. -Ендеше айтындаршы осы көктем мезгіліндегі қандай ғажайып сәтті көріп тамашалауға болады? -Жауын-шашынның дыбысын қолдан жасап көргілерің келеме? -Олай болса барлығымыз саусақтарымызды шартылдатып, көзімізді жұмып, дыбысын тыңдап көрелік. Егер көзіміз ашық болса, барлығымыздың шартылдатып шығарған дыбысымыз бірдей болып кетеді. Ал жауын-шашынның дыбысын шығару үшін әр түрлі етіп жасау қажет. Яғни, бірдей емес. -Мінекей жауын-шашында болды. Енді жауын-шашыннан кейін қандай ғажайып нәрсе көруге болады? «Прибор арқылы үш түсті көрсету»	-Қазір жылдың көктем мезгілі. -Жауын-шашын, кемпірқосақ, саңырауқұлақтар. ... -Әрине. балалар тәрбиеші көрсеткендей етіп, көздерін жұмып, саусақтарын сартылдатып дыбыс шығарады. Шаттана, көңілдері көтеріліп қалады. -Кемпірқосақ. Балалар қуана назар қояды.

-Мінекей кемпіркосақ. -Бірақ бұл жерден сендер неше түс көріп тұрсыңдар? -Ал сендер білесіңдерме? Кемпіркосақта үш түс емес, жеті түс болатынын, бізге анық көрінетіні үш түс қана, ал оны анықтау үшін біз оны зерттеп көруіміз қажет. Зерттеп көргілерің келеме? -Келісесіңдерме? -Олай болса, алжапқыштарымызды тағып алайық, бізді көп жұмыстар күтіп тұр. -Алдарыңда жеті стакан тұр.



Ол стакандардың арасында №1, №2, №3, №4 деген белгілер бар.



№1 стаканға қызыл түс, №2 стаканға сары түс, №3 стаканға көк түс, №4 стаканға қызыл түс бояуды салып араластырамыз.



Әрине барлық стакандардың ішінде су бар. Енді барлық стакандардың ішіне қол сүрткіні есіп, жалғастыра салып шығамыз. (Түсіндірме жұмысы.)



-Балалар мұндағы басқа түстердің анық құралып шығуы үшін бізге шамалы уақыт қажет. Сондықтан басқада тәжірибемізді жасауға көшелік. Бұл жұмысымыздың нәтижесін көруге әрине қайта ораламыз.

-Кемпіркосақты үйде қолдан жасауға болады. -Қанекей екінші тәжірибе алаңына барайық. Мұндағы сендер көріп тұрғандай, стакандар нөмірленген. Яғни №1, №2, №3, №4.



-Үш түс.

-Ия, әрине келісеміз. Балалар алжапқыштарын тағып алады.

Тәрбиешінің түсіндіргеніндей, көмегімен, мұқият жасап шығады.

Балалар екінші тәжірибе алаңына барады.

№1 деп нөмірленген стаканға 1 ас қасық тәтті шекер, №2 деп нөмірленген стаканға 2 ас қасық тәтті шекер, №3 деп нөмірленген стаканға 3 ас қасық тәтті шекер, №4 деп нөмірленген стаканға 4 ас қасық тәтті шекер салып қозғаймыз.



Сосын олардың үстіне түрлі бояуларды салып араластырамыз.



Ал енді осы бояудың барлығын бір стаканға жинақтаймыз. Оны шприцтың көмегімен жасаймыз.



Шприцпен бояуды алып құйғанда мұқият, ұқыптылықпен стаканның қабырғасына тигізе отырып құямыз. (Түсіндірме жұмысы.)



-Осы тәжірибелік жұмысымыздан не байқадыңдар?

-Түстердің араласып кетпеуіне не кедергі жасады?

-Жарайсыңдар!

-Ал ендеше алда сендерді бұданда қызық күтіп тұр, көргілерің келеме?

-Ендеше үшінші тәжірибе алаңына барайық.

-Ой, мұнда дөңгелек тәттілер мен ақ тәрелке және су, мақта оралған таяқша, ыдыс жууға арналған гель бар. Енді түрлі-түсті тәттілерді ақ тәрелкенің шетіне тізбектеп қойып шығамыз.

Болған соң суды тәрелкенің ортасына құямыз. Тәттінің бойымен бірдей етіп құямыз.

Тәрбиешінің түсіндіргенін мұқият жұмыс жасайды.

-Түстер бір-біріне араласпай, кемпіркосақ секілді кезектесіп тұр. -Тәтті шекер бояулардың араласып кетпеуіне кедергі жасап, көмегін берді.

-Әрине.

Балалар үшінші тәжірибе алаңына барады.

Түрлі-түсті дөңгелек тәттілерді тәрелкенің шетіне тізбектей қойып, суды құйып

(Түсіндірме жұмысы. Жасаған жұмыстарында: тәттілердің түстері еріп, ғажап кемпіркосаққа айналады.)

-Ал енді мақта оралған таяқшаны ыдыс жууға арналған гельге малып, оны тәрелкенің ішіне батырамыз.

-Не байқадыңдар? Ғажаппа?

-Балалар, маған осы жерде бір ой келді. Осы бояулар түрлі-түске айналғанда көздеріңе не елестеді?

-Ал мен рухани жаңғырудың символы бүркітті елестеттім. -Біз өткен

ұйымдастырылған оқу іс-әрекетте рухани жаңғырудың не екенін айтқан болатынбыз.

-Естеріңдеме? -Олай болса айтыңдаршы
РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

-Жарайсыңдар! Яғни, жаңғыру жолында, қанымызға сіңген қасиеттерді қайта түлетуіміз қажет.

-Ендеше қазір мұқият қарайық. Сендерге мынау ақ бүркіт құсын берейін, ал сендер оны екі қанатынан ұстап, бояудың үстіне қоя қойыңдар. << Түсіндірме жұмысы. >>



-Қанекей бойымызды сергітіп алайық.
<<Сергіту сәті. >>

Айналаны шоламыз,
Жауқазындай жайқалып,
Бәйшешектей иіліп,
Сәл тынығып аламыз.
Біз гүлдерше өсеміз,
Жапырағы жайқалған.
Сабақтары салалы,
Желге ырғалып шайқалған.

-Балалар біз бірінші жасаған тәжірибе алаңына барайық. -Ой, қандай керемет көрдіңдерме, құрғақ қол сүрткіш арқылы біз тағыда басқа түстердің пайда болғанын көріп отырмыз.



Тәрбиешінің түсіндіргеніндей жұмыстарын жасайды. Жасаған жұмыстарының нәтижесін көріп, қуана шаттанады.

-Мақта оралған таяқшаны ыдыс жууға арналған гельге малып, сосын тәрелкеге салғанда, бояулар шашырап, түрлі түсті бейнелер пайда болды. -Өте керемет! Балалар ойланып қалады.

-Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тілімізбен музыкамыз, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс.

Тәрбиеші жасағандай жасап, нәтижесін көріп, шаттанады.

Балалар сергіту жасап, бойлары сергиді.

	-Ол түстер қалай пайда болды деп ойлайсыңдар? Енді мынау құрылғымыздан байқап көрейікші осы түстердің расындада байқалмайтынын. (Құрылғыдан мұқият көреміз. Сұрақ-жауап.)	Балалар жасап кеткен жұмыстарының нәтижесін көріп, қанағаттанады.
		-Қызғылт сары, жасыл, көгілдір. -Екі түстер қол сұрткі арқылы бір-біріне араласты.
Жетекші -жөндеуші	Қорытынды: - Жасаған жұмыстарың өздеріңе ұнадыма? - Кімге қандай жұмыс ұнады? -Кемпірқосақ қандай ауа-райы құбылысынан кейін шығады? -Онда неше түс болады? -Кемпірқосақты қандай жыл мезгілінде байқаймыз? -Бізге анық көрінетін түсі қандай? -Біз тәжірибе арқылы кемпірқосақтың қандай түстерін анықтай алдық? -Жарайсыңдар! Сендер өте ақылды баласыңдар! Қанекей келген қонақтармен қоштасалық!.	- Әрине. -Маған бірінші жасаған тәжірибеміз ұнады. -Кемпірқосақ жауын-шашыннан кейін шығады. -Онда жеті түс болады. -Кемпірқосақты көктем мезгілінде байқауға болады. -Қызыл, сары, көк. -Байқалмайтын түстерін анықтадық. -Сау болыңыздар!

Күтілетін нәтиже:

Білу қажет: Кемпірқосақтың жауын-шашын болып, артынша күн көзінің көрінетін уақыт байқауға болатынын біліп, мәлімет алды. Ондағы тез байқалатын түстер мен байқалмайтын түс ажыратып, жасаған жұмыстары арқылы нәтижесін көріп білді.

Орындаушылық қабілеті: Жұмыстарына қанағаттанып, қызығушылықтары артты. Сәл бұлшықеттерін икемділікке келтіріп, өздері ұқыптылыққа, мұқият зейін қоюға машықтанады.

ТИФИКАТ

«Рухани жаңғыру» ақпараттық-сараптамалық орталығы»
«ТАҒЫЛЫМ» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы

Таухар Жүнісбаева

«ТАҒЫЛЫМ» республикалық ғылыми-әдістемелік журналының
2019 жылғы желтоқсан айындағы №12(71) санында
«Үздік мақалалар» конкурсының жинағына
«Ғажайып кемпіркосақтың сырлары»
тақырыбында материал жарияланғанын растайды

Директор



Н. Қуандықов

№ 2019 12(71)-324-ТК

Нұр-Сұлтан, 2019

OQU-BILIM.KZ

СЕРТИФИКАТ

Республикалық білім порталына
материал жариялау туралы

Жунусбаева Таухар Ғалихановна

Шымкент қаласы
№29 «Ай-Керім» бөбекжай-бақшасы
Тәрбиеші

ТАҚЫРЫБЫ:
Ғажайып кемпірқосақтың сырлары


Н.Ә. ЖАЙЛАУОВ
КОМПАНИЯ ДИРЕКТОРЫ



www.oqu-bilim.kz
№ 002813 / 22.05.2019

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ»
«ТАҒЫЛЫМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫ

ДИПЛОМ

II ДӘРЕЖЕ

«Рухани жаңғыру» ақпараттық-сараптамалық орталығы және
«ТАҒЫЛЫМ» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы ұйымдастырған
«Үздік педагогикалық мақала» республикалық
конкурсының «Үздік сабақ жоспары» номинациясы
бойынша II орын алғандығы үшін

Гаухар Жунусбаева

МАРАПАТТАЛАДЫ

ДИРЕКТОР

23 ЖЕЛТОҚСАН 2019 ЖЫЛ



Нұр-Сұлтан, 2019

Н. ҚУАНДЫҚОВ

№ 2019 12(71)-454-ТК